

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 10 қазандағы № 1 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 31 қазанда № 6010 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 21 шешімімен

**Ескерту Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 22.06.2018 № 21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1- бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қармақшы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 420 ұсынысы негізінде Дауылкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Дауылкөл ауылдық округі, Тұрмағамбет ауылының аумағында ұсақ малдардың арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округі әкімінің  
уақытша міндетін атқарушы*

*Б. Байбарақов*